

<i>Кіші топ</i>		ЦИКЛОГРАММА			
<i>Апта нөмірі</i>		№22			
<i>Күндері</i>		31.01 - 04.02.2022			
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>		Алауан-алуан кәсіп бар / Все работы хороши / Professions			
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>		Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы			
<i>Педагогтің аты-жөні</i>		Далабаева М.Қ.			
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. Өңгімелесу: "Баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеудің маңызы", "2-3 жасар бала қандай тапсырмаларды орындай алады?", "Баланы өз қолымен жасаған әрекетінің нәтижесіне қуанышпен қарауға тәрбиелеу".				
Ата-аналармен өңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, барлық бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сү құйғышты ұстап, суару амалына үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын сүртіп, қайта ілуге жаттықтыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтардың (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суару, бақылау.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Мозаика" үстел ойыны. Мақсаты. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгігі қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.	Саусақ жаттығуы. Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Өн салдым кеште. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды бірге қосылуға тартады. Сылдырмақты соқпақ, Қолға алдық "тоқ-тақ". Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук". Д. Ахметова	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Мысығым" (ел аузынан) Мақсаты. Балаларды мысық ойыншығына қарап, тақпақты мәнерлеп айтуға, қимылдармен сүйемелдеуге ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. "Мысығым". - Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Нағима Арынова.	"Машиналар жүреді" саусақ жаттығуы. Мақсаты. Балаларды саусақ жаттығуын тақпақтың ырғағына, мазмұнына сай жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру. Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық машиналар. Педагог балалардан балабақшаға қандай көлікпен келгендері туралы сұрайды. Балаларға көмек ретінде түрлі машинаның (көліктің) суреттері көрсетіледі. Жаттығу үстел үстінде жұдырықтарды түйіп отырып, екі бағытқа жүргізу арқылы орындалады. - Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру. - Дәмді тағам дайын, пай, пай ... Шақырады шебер аспаз апай (ағай): - Қасықтарыңды дайындаңдар! Асықпаңдар, асықпаңдар ...				
Ойындар,	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Аспаз болсақ - тағам әзірлейміз, Биші болсақ - би билейміз, Шаштараз болсақ - тараймыз, Ақылды бала болсақ - жараймыз. "Сәлем" дейміз барлық елге!				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Сөредегі табақтар". Мақсаты. Балаларды қарындашпен көлденең жолға салынған шаршылардың ішін бірыңғай көлемдегі дөңгелектермен толтыруға үйрету; әрбір салынып жатқан дөңгелек, "табақ", шаршы ішіне сыйатындай көлемде болуын бақылап отыруға дағдыландыру; ыдыстың тұрмыстағы қажеті туралы түсініктер беру. Балалардың қарындашпен сурет салуда қолдарының ұсақ моторикасын, көзбен табақтардың пішіні мен түстерін қабылдай білуін, байқағыштығы мен елестету қабілетін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру. <i>"Табақты жина" дамытушы жаттығу рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Мен спортшы боламын!" Мақсаты. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өту қимылына жаттықтыру; биіктен қос аяқпен секіре білу жаттығуына үйрету; балаларды шапшаңдық пен ептілік, жинақылық дағдыларына баулу. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтай, жүріп өту қимылына жаттықтыра отырып, машықтандыру; биіктен қос аяқпен секіре білу дағдысын және дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; оқу қызметіне қатысу қызығушылығын арттыру. <i>"Қоңыздар" қимыл ойыны.</i>	Көркем әдебиет. "Көше тазалаушы". Мақсаты. Балаларды Қ. Мырзалиевтің "Көше тазалаушы" өлеңімен таныстыра отырып, мамандық иелерімен таныстыру; өлең мазмұнын түсіну қабілетін арттыру; мамандық иелерінің айырмашылықтарын қимылдар мен әрекеттер арқылы айтып, үйрету. Балалардың тілін, танымын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. <i>Рефлексия. "Құмалақтар".</i> Музыка. "Ұшқыш". Мақсаты. Балаларды әнді тыңдау және дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; музыка сипатын ажырата білу және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу. <i>"Кім тез жинайды?" музыкалық - дидактикалық ойыны.</i>	Құрастыру. "Қошақанға шарбақ". Мақсаты. Балаларды кірпіштерден шарбақ құрастыруға үйрету; кірпіштің жаңа қасиеттерін іс-тәжірибеге, үлгіге және педагогтің нұсқамаларына сүйеніп, зерттеу жасауға жаттықтыру; өз нәтижесімен ойнай білу қабілетін арттыру; хайуанаттар бағы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, эмоциялық сезімін дамыту. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> <i>"Ойыншықтар шарбақтарға тығылып қалды".</i> Дене шынықтыру. "Шынықсын денеміз". Мақсаты. Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және бастапқы қалыпқа келу, жалауларды төмен түсіріп, еденді тарсылдату; таспалармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. <i>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Көше тазалаушы". Мақсаты. Балаларды көше тазалаушы еңбегімен таныстыра отырып, оны сыртқы киіміне және құралдарына қарап, ажырата білуге үйрету; көше тазалаушының жаз бен қыс мезгіліндегі құралдарының бөлек екеніне көңіл аудару. <i>"Қар жинаймыз" дамытушы жаттығу рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Біз мықты боламыз". Мақсаты. Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту іскерліктерін қорытындылау; гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өтіп және сол жүріп өткен гимнастикалық орындықтың шетіне келгенде қос аяқпен секіру; балалардың спортқа деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметін пысықтау. <i>"Маған қарай секіріңдер" ойыны.</i>	Музыка. "Ұшқыш боламын". Мақсаты. Балаларды әнді тыңдап, музыкалық сипатын ажырып, ырғаққа сай қимылдауға ынталандыру; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу. <i>«Ақырын, қатты» дидактикалық ойыны.</i>

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" С. Боранбаев Мақсаты. Балаларды қойдың су ішкен кездегі қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға қошақан маскаларын кигізу, ойыншық ыдыс ойыншықтарын ұсыну. "Қой қалай ішеді?" - Бас алмастан сіміріп, Демде қанып алады. Томпаң-томпаң жүгіріп, Өріске ұзап барады. - Себебі не сондағы? - Адал, момын болғаны.	"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету. - Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды.	"Пішіндер (екінші нұсқа)" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру.	"Сүлгілерді жіпке жаяйық" дамытушы ойыны (қысқыштармен жаттығу). Мақсаты. Балаларды қолдарына қысқыштарды алып жіпке сүлгілерді жаюға жаттықтыру; қолдардың моторикасын, зейінін, дамыту; әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру; еңбекқорлыққа баулу. Құралдар: киім ілетін жіп, қысқыштар, сүлгілер.	"Кімнің қолынан не келеді?" сөздік жаттығуы. Мақсаты. Балалардың мамандықтар иелері жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру, тілін дамыту. - Тағам әзірлейтін кім? Аспаз. Би билейтін кім? Биші. Шеге қағар ... Шебер. Үй салатын... Құрылысшы. Адамды емдейтін... Дәрігер. Зат сататын... Саудагер. Шаш қиятын... Шаштараз. Іске сәт тап, жанталас. Мамандық иелерінің суреттерін көрсетіп отыруға болады.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, қолдарын созып, аяқтарын көтеріп, киіну рәсіміне қатысуға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" "Қой қалай ішеді?" - Бас алмастан сіміріп, Демде қанып алады. Томпаң-томпаң жүгіріп, Өріске ұзап барады. - Себебі не сондағы? - Адал, момын болғаны. С. Боранбаев	Саусақ жаттығуы. "Қолғап". - Қане, қолғапты киеміз, Бір қолды салып көреміз, Екінші жұп қолғапты Киіп алсақ, жарап тұр. Д. Ахметова	"Сағаттар" қимыл жаттығуы. "Тик-так". "Тик-так, тик-так," Жүрсін сағат. Біз сағатқа ұқсап, Жүреміз: "тоқ-тақ". Д. Ахметова	"Бауырсақтар". Мақсаты. Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, шарларды илеу амалдарын игерту.	"Кімнің қолынан не келеді?" сөздік жаттығуы. - Тағам өзірлейтін кім? Аспаз. Би билейтін кім? Биші. Шеге қағатын ... Шебер. Үй салатын ... Құрылысшы. Адамды емдейтін... Дәрігер. Зат сататын ... Саудагер. Шаш қиятын ... Шаштараз. Іске сәт тап, жанталас. Д. Ахметова
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеудің маңызы", "2-3 жасар бала қандай тапсырмаларды орындай алады?", "Баланы өз қолымен жасаған әрекетінің нәтижесіне қуанышпен қарауға тәрбиелеу".				

Тексерген ;Бекишева.М.А. 